

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Күні: 25.09.2025 жыл

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесін құру, ережесімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
4. 2025-2026 оқу жылының қамқоршылық кеңес жұмысын талқылау, бекіту.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы Ә.А.Ақбет сөйледі: 2017 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 44-бабының, 9- тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27-шілдедегі №355 бұйрығының негізінде қамқоршылық кеңес құру керектігін, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес ұйымдастыру туралы айтып өтті. Балабақшадағы бұл қамқоршылық кеңесінің құрамын, оларды дамыту стратегиясын бекітеді, сондай-ақ оларды құрметіне байланысты өзге де маңызды мәселелерді қарайды. Қамқоршылық кеңес стратегиялық мақсаты мен індеттерін айқындайтын, сенім, ашықтық, еріктілік және алқалық қағидалар мен жұмыс істейтін балабақшаны басқарудың қоғамдық органы болып табылады. Балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібінің үлгілік ережелерімен таныстырды. Қамқоршылық кеңес 1 жыл мезгілге сайланатын және қамқоршылық кеңес балабақша алқалы басқару нысандарының бірі болып табылатынын басып айтты.

Қамқоршылық кеңестің мақсатына жеке –жеке тоқталып өтті.

1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету.
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының тәрбиеленушілері мен балабақша ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау.
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету.
4. Білім беру ұйымына әлеуметтік мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шара өткізуге ықпал ету.
5. Тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету.

6. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылатынын түсіндірді.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Қ.Каламий сөйледі. Әдіскер қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру сапасын арттыру. Араларыңыздан сайланған қамқоршылық кеңесінің мүшелері жыл бойы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жыл бойына жасалатын іс-шаралар жоспары бір ауыздан қолдау тапты.
3. Қамқоршылық мүшелерін сайлау.
 1. Оразбаева Самал Каирбековна - қамқоршылық кеңесінің төрағасы.
 2. Есжанова Улпан Кунанбаевна - қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары.
 3. Сагадиев Рахымжан Кизатович - қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 4. Нуртаев Бекарыс Кабдағалиевич - қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 5. Какимова Анар Сағындыковна - қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 6. Токпаев Канат - қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 7. Нысанбекова Жұлдыз Айдыновна - қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 8. Турсынбаева Жазира Сырымбетовна - қамқоршылық кеңесінің хатшысы.

Ж.А.Нысанбекова сұрақ қойды. - қамқоршылық кеңесі балабақшаға не үшін керек?

-Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүйелі түрде жүргізілсін.

«Шағала» балабақшасының басшысы _____ бет
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: _____ Турсынбаева

